Әділет

# Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының басқармасына және Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 17 қараша N 1734. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.26. N 836 қаулысымен. ~P020836

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 1999 жылғы 9 сәуірдегі Ашғабат қаласындағы Арал теңізі бассейнінің мәселелері жөніндегі шешімдерін атқару үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан мынадай өкілетті уәкілдер:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі Владимир Сергеевич Школьник - Халықаралық Аралды құтқару қорының Басқармасына;

Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне:

Алмабек Нұрышұлы Нұрышев - Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясы-филиалының директоры;

Медет Оспанұлы Оспанов - Ашғабат қаласында орналасқан Ғаламдық экологиялық қор Компонентінің директоры;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары Эдуард Карлович Утепов - Халықаралық Аралды құтқару қорының Тексеру комиссиясына жіберілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.09. N 1429 P011429_ қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының мына өкілетті өкілдері:

Жәнібек Сәлімұлы Кәрібжанов - Халықаралық Аралды құтқару қоры басқармасынан;

Дәулетияр Айтмағанбетұлы Баялімов - Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетінен шақырылып алынсын.

3. Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан тиісті мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге және құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.11.09. N 1429 P011429_ қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының өкілдерін Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне жіберу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 918 P970918_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК